



УНИВЕРСИТЕТИ  
АХМЕТ ЯСАУИ

# СКРИНИНГ

Орындаған: Налибаева  
Ұлжарқын ЖМ-309

# ЖОСПАРЫ:

0 КІРІСПЕ:

0 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Скрининг дегеніміз не?

Қазақстанда дамуы

Тексеріп қарау сатысы

Скринингтік талдау

0 ҚОРЫТЫНДЫ



# Скрининг дегеніміз не?

Скрининг – бұл ауруларды және қауіп факторларын ерте сатыда анықтау үшін дер кезінде емдеу, асқынулардың дамуының алдын алу мақсатында белгілі бір жастағы дені сау адамдарды профилактикалық – медициналық тексерулерден өткізу.

Скрининг термині «screening» - електен өткізу атты ағылшын сөзінен пайда болған. Бірақ оның «қорғау» және «жағымсыз бір нәрседен қорғау» атты басқа да мағыналары бар. Нақ осы түсініктемесі «скринингтік зерттеулер» атты медициналық терминнің туындауына негіз болған. [1]



«Скрининг» ұғымы әлі белгілері пайда болмай тұрып, әр түрлі зерттеулерді негізгі ала отырып, оларды анықтау және алдын алу дегенді білдіреді.

Скринингтік бағдарламалар белгілі бір елдің немесе өңірдің ауру-сырқаулардан туындайтын өлім-жітім көрсеткіштеріне сай жүргізілуі керек.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жұмысын бастады. Соған сәйкес бұл бағдарламада алдын алу шаралары, скринингтік зерттеулер, әлеуметтік маңызы зор ауруларды анықтау үшін ерте қаралу, емдеу және қалпына келтіру сияқты жұмыстарға баса назар аударту мақсаты қойылған. Аталмыш мемлекеттік бағдарламада скринингтік бағдарламаларды енгізу және кеңейту жұмыстарына қаржы қарастырылған. [1]





[4]

- 0 1. Қанның холестерині мен глюкозаны анықтау жолымен АГ, ЖИА, қант диабеті ауруларының алдын алу үшін ерте кезде скрининг зерттеулерін жүргізу (АМСК ұйымдарының дәрігерге дейінгі кабинеттері деңгейінде экспресс-диагностика жүргізу үшін құрал-жабдықтар мен тест жолақтарын сатып алуға ЦТТ көзделген).
- 0 2. Естудің туа біткен және тұқым қуалайтын патологиясын анықтау үшін ерте жастағы балаларға скрининг зерттеулерін жүргізу (босануға көмек көрсету ұйымдарын отоакустикалық эмиссия регистрациясының портативті құралдарымен жарақтандыру).
- 0 3. PAP-тест пайдалана отырып әйелдерді жатыр қуысының обырын анықтау үшін скрининг зерттеулерін жүргізу (сұйықтық цитология құралдарын кезең-кезеңімен сатып алу).
- 0 4. В және С гепатитін анықтауға мынадай мақсатты тәуекел топтарға скрининг жүргізу.
- 0 5. Глаукоманы ерте кезде анықтау үшін скрининг жүргізу.
- 0 6. 40 жастан жоғары адамдарда қант диабетін анықтау скринингі.
- 0 7. 2011 жылы алғаш рет колоректальды обырды анықтау бойынша скринингтік бағдарлама іске қосылмақ. **[3]**



Скринингтік зерттеулер ауруларды ерте анықтаудың негізгі алғашы шарттарының бірі екендігі дәлелденген.

Скринингтік тексеріп-қарауды жүргізу сатысы екі кезеңнен тұрады: [2]

1) бірінші кезеңде 025-08/е нысанын толтыру; антропометриялық өлшеулер жүргізу (салмағы, бойы, белдің көлемі), Кетле индексі есептеу; скрининг-тест бойынша сұрату жүргізу);

2) екінші кезеңде жүрек-қан тамыр қаупін анықтау және бұдан әрі скрининг жүргізетін адамды одан әрі емдеп-қарау Тексеріп-қарау нәтижелерін және пациентті одан әрі бақылау жөніндегі ұсынымды профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің (кабинетінің) дәрігеріне жіберу;

0 Мінез-құлықтық қауіп факторларын ерте анықтау үшін скринингтік тексеріп-қарауды және динамикалық бақылауды жүргізу


0 Мінез-құлықтық қауіп факторлары (дененің артық салмағы, дене қимылының белсенділігі, шылым шегу, қауіпті дозаларда ішімдікті пайдалану) скринингтен-тексеріп-қараудан – қан айналым жүйелері, қант диабеті, глаукома, онкопатологиялар ауруларын ерте анықтауға зерттеуден өткен адамдардың арасында зерттеледі.

[2]





- 0 Глаукоманы ерте анықтауға скринингтік тексеріп-қарап жүргізу
- 0 Глаукома бойынша диспансерлік есепте тұрмайтын 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жастағы ерлер мен әйелдер нысаналы топтары болып табылады; МСАК ұйымдарының/МСАК ұйымдарының профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің дәрігерге дейінгі кабинетінің орта медицина қызметкері: 025-08/е нысанды толтырады; [2]



- 0 Сүтбезінің обырын ерте анықтауға скрининг жүргізу
- 0 Сүтбезі обыры бойынша диспансерлік есепте тұрмайтын 50, 52, 54, 56, 58, 60 жастағы әйелдер нысаналы топтары болып табылады. Скринингте сүт безінің қатерсіз ісігі бойынша есепте тұратын немесе маммолог, онкомаммологта диспансерлік есепте тұрған және динамикалық маммографиялық зерттеулер жүргізуге жеке кестесі бар әйелдер қатысады. [2]



0 **Жатыр мойнын ерте анықтауға скрининг жүргізу**

0 Жатыр мойны обыры бойынша диспансерлік есепте тұратын 30, 35, 40, 45, 50, 55, 60 жастағы әйелдер нысаналы топтары болып табылады. Жатыр мойны обырының скринингі дайындық, скрининг жүргізу, қорытынды сатыдан тұрады 1) цитологиялық тексеріп-қарауға материал алу. Тексеріп-қарау нәтижелері және пациенттің одан әрі бақылануы жөніндегі ұсыным учаскелік дәрігерге/жалпы практика дәрігеріне жіберіледі. **Колоректалдық обырды ерте анықтауға скрининг жүргізу**

0 Полипоз, жуан ішек обыры бойынша есепте тұратын 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жастағы әйелдер мен ерлердің нысаналы топтары болып табылады. [2]



## **Өңеш обыры және асқазан обыры скринингін жүргізу**

Өңеш обырына және асқазан обырына байланысты диспансерлік есепте тұрмаған 50, 52, 54, 56, 58 және 60 жастағы ерлер мен әйелдер нысаналы топ болып табылады.

Өңеш обыры мен асқазан обырына скрининг дайындалған кезеңнен, скрининг жүргізуден, қорытынды кезеңнен халықтың нысаналы тобының тізімін қалыптастырады зерттеу жүргізудің қажеттілігін түсіндіреді, скрининг емшарасын өткізуге пациентті дайындайды. **[2]**

## **Гепатоцеллюларлық обырға скрининг жүргізу**

Вирусты этиологиялы бауыр циррозы бар пациенттер арасында 3 айда 1 рет кезеңділігімен жылына 4 рет және вирустық емес этиологиялы бауыр циррозы бар пациенттер арасында 6 айда 1 рет кезеңділігімен жылына 2 рет қанның альфа-фетопротеин (бұдан әрі – АФП) деңгейін иммундық ферменттік талдау (бұдан әрі – ИФТ) әдісімен анықтайды. **[3]**

- 0 **Қуықасты безінің обырына скрининг жүргізу**
- 0 Қуықасты безінің обырына байланысты диспансерлік есепте тұрмайтын 50, 54, 58, 62 және 66 жастағы ерлер нысаналы топ болып табылады. Жалпы простат-ерекше антигенін (бұдан әрі - ПЕА) иммундық химиялық талдау тәсілімен анықтайды. Простата денсаулығы индексі анықтайды.
- 0 Қазақстанда скрининг тегін медициналық көмек кепілдік берілген көлемінің тізбесіне кіреді. Скрининг тіркеуде тұрған емдеу алдын алу мекемелерінде өтеді.

**[1]**

# Пайдаланылған әдебиеттер:

- 0 [1] / [www.usk-astana.kz](http://www.usk-astana.kz)
- 0 [2] / [www.astana-akshamy.kz](http://www.astana-akshamy.kz)
- 0 [3] / [www.kazmedik.net](http://www.kazmedik.net)
- 0 [4] / [www.google.kz](http://www.google.kz)



PARA

A

FE

FE

